[4] *Постановление Правительства Республики Казахстан от 11 октября 2019 года № 752 О некоторых вопросах высших учебных заведений Министерства образования и науки Республики Казахстан / https://online.zakon.kz*

кеменшік жоғары оқу орындарын халықаралық тәжірибеге сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға трансформациялау мәселесі неге талқыға түспейді? Неге мұндай бастама өз кезінде уәкілетті органдардан қолдау тауып, Елбасына бекітуге берілді? Ал кейін жалғасын таппай қалды. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, мұндай бастаманың көздеген мақсаты өте дұрыс және әлемдік университеттердің үлгісінен алынған позитиві үрдіс екені анық. Себебі, бүгінгі таңда АҚШ және басқа да дамыған елдерде алдыңғы қатарлы ғылыми-зерттеу университеттері жеке меншік жоғары оқу орындары коммерциялық емес ұйым нысанында қызмет етеді, яғни пайда табуды көздемейді. Бұл АҚШ-тың жоғары білім саласының даму тарихының ерекшелігін көрсетеді. Ұлыбританияның колониясы болып тұрған кезде жергілікті қауымның және шіркеудің қажеттілігі үшін АҚШ-та алғаш рет жеке меншік немесе шіркеуге қарасты коммерциялық емес колледждер мен университеттер ашыла бастады. Уақыт өте келе, сол оқу орындары дамып Гарвард, Пенсильвания, Стэнфорд университеті сияқты ғылыми-зерттеу университеттеріне айналды [1]. Дәл осы университеттер бүгінгі таңда сапалы білім беріп, әлемдік деңгейдегі білім ошағы мен ғылыми орталықтарға айналды. Ғылыми-техникалық революцияның ошағы болып саналатын Silicon Valley технопаркі сол Стэнфорд Университетінің аумағында пайда болған. Мұндай университеттердің әлемге танымал болып ғасырлар бойы жұмыс істеп келуінің басты себебі олардың о бастан коммерциялық емес ұйым ретінде құрылуында. Яғни, меншік иесі ол университетті қайырымдылық ретінде қаржы бөліп салған және болашақта ол жерден коммерциялық табыс табуды көздемеген. Мысалы, сенатор Леланд Стэнфорд әйелі екеуі қайтыс болған 16 жасар баласы Леландтың атына естелік ретінде өз қаражатына жер сатып алып, университет салып, атақты профессорларды шақырып, университеттің Жарғысы мен негізгі заңды құжаттарын бекітіп кеткен. Университеттің 1891 жылғы негізгі өсиет ретінде тастаған Жарғысында «Leland Stanford Junior University»[5] деп жазылған. Бір сөзбен айтқанда, отбасының жеке қаражатының барлығын жалғыз ұлының атына естелік ретінде мемлекет пен қоғамға сый етіп қалдырған. Стэнфорд университеті коммерциялық емес жеке меншік университеттің шынайы дәлелі. Университеттің басқару моделінде Қамқоршылық кеңесте ірі компаниялар мүшелік етеді және жариялық пен ашық басқару қағидалары айқын көрінеді. Барлық мәселелер тиісті мүдделі тұлғалардың қатысуымен қаралып шешімін табады. Мысалы, 2016 жылы университет президенті мен провосты өздерінің келешекке жасаған стартегиялық бағдарламасын университет ұжымына ұсынып, ол қоғам мен мүдделі тұлғалар тарапынан қызу талқыға салынып, қолдау тапқан соң ғана олар лауазымына сайланды. Ондай университеттің барлық табысы сол университеттің оперативтік қажетіне жұмсалады, артылған қаржысы болып жатса, арнайы Эндаумент қорына салынады. Ол қаражат сол қорда салынған соң кәсіби экономист менеджерлердің жетекшілігімен сақталып, айналымға салынады. Ал Қордан түскен табыс университеттің меншігінде қала береді. Бүгінгі күні Стэнфорд университетінің Эндаумент Қоры 27,7 млрд долларды құрайды екен[6], ал Гарвард университетінің Эндаумент Қоры 40 млрд долларға жуық[7]. Яғни, АҚШ-тың бір жеке меншік университетінің эндаумент қоры Қазақстан Республикасының жылдық бюджетімен пара-пар.

Осы себепті де, АҚШ-та және жалпы әлемде жеке меншік коммерциялық емес университеттер үлкен жетістіктерге жетіп, сол елдің мемлекеті мен қоғамына экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан үлкен пайда әкеліп отыр. Мамандардың пікірінше, коммерциялық емес университеттер оқытушы-профессорлық құрамның білім беру мен ғылыми жұмыстармен айналысуға жоғары сапада жағдай жасап отыр, студенттерге түрлі стипендиялар мен әлеуметтік жәрдем көрсетеді [2]. Сондықтан да, мектеп бітірген түлектер коммерциялық емес университеттерге оқуға түсуге тырысады. Ал коммерциялық жеке меншік университеттер негізінен түскен табысты акционерлер арасында бөлісуге тырысып, университеттің жарғысында көзделген мақсаттар мен міндеттер екенші кезектегі мәселе болып қала береді. Міне осы себептен де тіпті алдыңғы қатарлы елдердегі коммерциялық университеттер қаржылық тұрғыдан тапшылық көріп отырады. Ал Қазақстан сияқты дамушы немесе экономикасы нашар елдерде жеке меншік университеттер коммерциялық мақсатта жұмыс істеп, қоғам мен мемлекеттің игілігін екінші орынға қойып, білім беруді кәсіпкерлік қызмет ретінде қарастыруда.

Заңды тұрғыдан қарағанда, жеке меншік жоғары оқу орындарын коммерциялық емес нысанға ауыстыру біздің жағдайда мүмкін емес. Себебі, мемлекет жеке меншік иелеріне бұйрық беріп, ендігі кезде пайда таппайтын боласыңдар деп мәжбүрлеп отырғандай. Мұндай саясат, коммерциялық мақсатта пайда табу үшін университет ашқан меншік иелерінің құқығын бұзады және заңмен қорғалатын

[5] *A History of Stanford / https://www.stanford.edu/about/history/*
[6] *Endowment fund of Stanford University 2020 / https://facts.stanford.edu*
[7] *Endowment fund of Harvard University 2020. https://www.harvard.edu/harvard-glance/endowment*

құқықтарына қол сұғу болып танылады. Сондықтан да, олар өз меншігін қолынан келгенше қорғауға тырысады, тіпті, конституциялық құқығымызды бұзу деп санайды. Олар үшін әлемдік тәжірибеде не болып жатқаны және университет қоғам мен адамның игілігі үшін қызмет етуі керек деген идеялары жоқ. Сондай-ақ, қазіргі кезде жеке меншік жоғары оқу орындары мен акционерлік қоғамдар жалпы алғанда сан жағынан басым көпшілікті құрайды және олардың акционерлері мен меншік иелері жоғары лауазымда істейтін, бұрын істеген немесе жоғары билікте таныс-тамырлары бар саяси ықпалды тұлғалар. Сондықтан да, министрлікте уақытша қызмет атқарып жүрген лауазымды тұлғалардың бұл қақтығыста қарсыластарына қатысты нақты шаралар қолдануға дәрмені жок деуге болады. Міне осы себептен де жеке меншік жоғары оқу орындарын коммерциялық емес акционерлік қоғамға трансформациялау идеясы жүзеге асырылмай, тіпті талқылауға түспей отыр.

Келесі бір күрделі сұрақ, неге ұлттық университеттер коммерциялық емес акционерлік қоғамға ауысу керек, егер жүз пайыз мемлекеттің меншігінде қалатын болса? Мұнда қандай құқықтық немесе ұйымдастырушылық қажеттілік бар? Бұл реформалар мемлекеттің меншігін заңсыз жекешелендіруге әкеп соқпайды ма деген сұрақтар туындатып отыр.

Тарихи тұрғыдан қарасақ, 1990 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттің меншігіндегі стратегиялық тұрғыдан маңызды ірі өнеркәсіп кәсіпорындары жекешелендіріліп кетті, қазіргі кезде мемлекет оны қайта ұлттандыруға, яғни өзінің меншігіне қайтаруға дәрменсіз болып отыр. Ал 2000-1 жылдары 12 мемлекеттік меншіктегі жоғары оқу орындары жекешелендіріліп, акционерлік қоғам нысанына ауысты [3]. Тәжірибе көрсеткендей ол университеттердің кейбірі алдымен жабық акционерлік қоғамға айналып, сол жерде жұмыс істейтін оқытушы-профессорлық құрамның арасында үлестіріліп, содан соң Ашық акционерлік қоғам болып жеке тұлғалар мен компаниялардың меншігіне айналды. Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік меншікті жекешелендірудің мұндай «заңды айналып өту» әдісі кең таралған құбылыс екен. Кембридж Университетінің профессоры Сюзан Робертсон және оның әріптестерінің ойынша 1980-90 жылдары жоғары білім саласында неолиберализм концепциясын енгізумен байланысты реформа жүргізуде дамушы елдердегі заңсыздық пен сыбайлас жемқорлық кері ықпал еткен факторлардың бірі болыпты. Соның салдарынан, басым көпшілік дамушы және экономикасы нашар елдерде мемлекеттік меншік талан-таражға түсіп, реформаның нәтижесі сәтсіз болып халықаралық эксперттер тарапынан сынға алынған [4].

Қазақстандық жағдайда, сол жекешелендіру қаржылық тұрғыдан мемлекет үшін қаншалықты пайдалы болды және жекешелендіру процесінен соң сол университеттердің иелері кімдер және қандай компаниялардың меншігіне өткені әлі де толық жария етілмей келеді. Яғни, тұтастай жұмыс істеп тұрған, тіпті кейбіреуі сол кездері атақты болып, өзін өзі қаржыландыра алатындай дәрежеде болған мемлекеттік университеттер қысқа мерзімде жеке меншікке өтті. Үкіметің мұндай әрекетке баруына қандай қажеттік болды деген сұрақ туындайды. Әрине, ол кезде қылмыстық заңнамада сыбайлас-жемқорлықпен байланысты әрекеттердің құрамы толық айқындалмаған болатын және азаматтық-құқықтық заңнамада олқылықтар мен қарама-қайшылықтар да аз емес еді. Ең өкініштісі, заңды тұлғаның нысанын ауыстыру және мемлекеттік меншіктегі мүлікті жекешелендіруге қатысты азаматтық заңнама өзінің құқықтық табиғаты бойынша диспозитивті жұмсақ құқықтық нормалардан тұрады. Сол себепті, бүгінгі таңда да мемлекеттік меншікті жекешелендіру кезінде заңды айналып кетудің сан-қырлы жолы орын алуы мүмкін.

Заң ғылымында акционерлік қоғамдардың заңды тұлға ретінде пайда болуы тарихына тоқталатын болсақ, олар алғаш рет Ортағасырлық Европада пайда болған. Яғни, Францияда ұн өндіретін компаниялар сыртан қосымша қаржы тарту үшін акциялар шығарып коммерциялық ұйымның жаңа түрін құрған [5]. Яғни, потенциалды акционерлер коммерциялық мақсатпен бір ұйымның акциясын сатып алып, сол арқылы дивиденттер түрінде пайда тауып отыруды көздейді. Алайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 85-бабының 5-тармағында бекітілген «коммерциялық емес акционерлік қоғам» нысанындағы заңды тұлға үлкен пікір-талас туғызып отыр . Осы құқықтық норманың қаншалықты дұрыс екенін анықтау үшін ТМД-ның басқа елдерінің Азаматтық кодекстері мен акционерлік қоғам туралы заңдарын қарастырдық, тіпті әлемдік тәжірибеде бар шығар деген үмітпен «non-profit joint-stock company», яғни ағылшыннан аударғанда «коммерциялық емес акционерлік қоғам» деген ұғымды іздестіріп, таба алмадық. Азаматтық құқық ғылымы тұрғысынан қарағанда, қазақстандық заңнамадағы бұл өзгерістер заңды тұлғалар институтында қарама-қайшылықтар туғызатын жаңалық болып отыр. Себебі, шаруашылық құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар нысанындағы ұлттық және мемлекеттік университеттер келешекте акционерлік қоғам нысанына ауысатын болса, жарғылық капиталдың көлемінде акциялар шығару керек және ол акциялар сатуға шығарылып, қаржы тарту үшін қолданылуы тиіс. Басқа жағдайда акция шығарып, акционерлік қоғам құрудың мақсаты мен мағынасы жоқ болар еді. Яғни, «коммерциялық емес» деген сөз тіркесі акцио-

нерлік қоғамдар нысанындағы заңды тұлға институтының құқықтық табиғатын қарама-қайшылыққа қойып, цивилистикадағы нонсенс болып отыр. Жалпы алғанда, қолданыстағы заңнамадағы «коммерциялық емес акционерлік қоғам» нысанындағы ұйым азаматтық құқық теориясы тұрғысынан қарама-қайшылық туғызып, келешекте мемлекеттік университеттердің жекешелендіруіне әкеп соғуы мүмкін қауіпті құқықтық платформа болып отыр.

Қолданыстағы заңнамадағы осындай олқылықтарды шешу мақсатында Қазақстандық азаматтық құқық саласының бір топ ғалымдары ТМД және Европа елдерінің заңды тұлғаларға қатысты заңнамаларына салыстырмалы талдау жүргізді. Нәтижесінде олар «жария құқықтағы заңды тұлға» (legal entity of public law) деп аталатын заңды тұлғалардың жаңа ұғымын ұсынды [6]. Авторлардың пікірінше, жария құқықтағы заңды тұлға дегеніміз қоғамдық маңызы бар мақсаттар үшін қызметті жүзеге асыру мақсатында Конституциямен және/немесе жекелеген заңдармен танылған (мемлекет, аумақтық бірлік, муниципалитет) жария-құқықтық құрылым немесе жария әкімшілікпен (мемлекеттік немесе өзін-өзі басқару) тікелей не жанама құрылған, азаматтық айналымға өз атынан еркін қатыса алатын, ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі жария құқық нормаларымен реттелетін ұйым [7]. Авторлардың пікірінше, мұндай заңды тұлғаның басты артықшылықтары ретінде оның жеке тұлғаларға және қоғамның мүдделеріне сай келетін қоғамдық игілік ретінде өмір сүруінде, сондай-ақ, Қазақстан халқына тиесілі мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге, тәркілеуге және салық салуға жатпауын конституциялық түрде мойындауында. Бұл заңды тұлға түрі коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға қарағанда мемлекеттік университеттердің меншігіндегі мүлікті талан-тараждан сақтауды қамтамасыз ететін және азаматтық құқық тұрғысынан анағұрлым қолайлы деп санаймыз.

Бүгінгі таңда жоғарыда атап кеткен ұлттық және мемлекеттік университеттердің көпшілігі коммерциялық емес акционерлік қоғамға ауысып, ресми баспалар бойынша жарғылық қорының көлемінде акциялар шығару үстінде. Демек, келесі қадам ретінде акциялардың нарықта сатылуына құқықтық база бар дегенді білдіреді. Сондықтан да, бұл процестің жалғасы болатыны сөзсіз және оны уақытында көретін боламыз. Осы орайда, мемлекеттік университеттің коммерциялық емес акционерлік қоғам болғанда басқару жүйесі қалай болатынын және ол қандай пайда әкелуі мүмкін деген мәселені қарастырып көрейік. Мысалы, Назарбаев Университеті мен Пенсильвания университеттің ғалымдарының 2014-2016 жылдары қазақстандық жоғары оқу орындарында жүргізген зерттеуінің қорытындысында былай делінеді «бүгінгі таңда Қазақстанда жарғылық капиталының 100%-ы мемлекеттің меншігіндегі акционерлік қоғамдар бар. Ол ұйымдарда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді, ал оның өкілеттігіне кіретін мәселелер жалғыз акционермен қаралады. Мысалы, «Астана медициналық университеті» АҚ университеттің жалғыз акционері болып ҚР Үкіметі табылады және ол басқару өкілеттігін Денсаулық министрлігіне берген. Нәтижесінде, министрлік университеттің қызметіне және оның директорлар кеңесінің қызметіне де қадағалау жасайды. Мұнда директорлар кеңесі екінші рөлде қалып отыр және мұндай басқару әдісі корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесіне сай келмейді» [8]. Яғни, көріп отырғанымыздай, университеттің сыртқы бейнесін, яғни ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ауыстыру күтілген нәтижені бермеді. Сондықтан да, тиімді басқару жүйесін қалыптастыру үшін университеттің ішкі дүниесін, яғни басқару моделін модернизациялау ұсынылады.

Жоғарыда, Стэнфорд Университетін жеке меншік коммерциялық емес ұйымның идеалды үлгісі ретінде қарастырдық. АҚШ-тың мемлекеттік университеттерінің барлығы коммерциялық емес университеттер болып табылады. Сондықтан, АҚШ-та университеттің азаматтық-құқықтық мәртебесіне қатысты дау тумайды. Оларда университеттің басқару моделіне басты назар аударылады. Университет пен жергілікті мемлекеттік органдар, өнеркәсіп компаниялары және өзге де мүдделі тараптар арасында өзара әріптестік мәселесі маңызды рөл атқарады.

Бұл мәселені шешуде Қазақстан Республикасының Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаның аясында жұмыс істеуді ұсынамыз. Бағдарламада заман талабына сай мақсаттар көзделген және сол бағытта университеттің басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру керек. Аталмыш Бағдарламаның міндеттерінің бірі ретінде «жоғары оқу орындары қызметінің тиімділігі мен жариялығын арттыру үшін мемлекеттік жоғары оқу орындарында байқау кеңестері мен директорлар кеңестерін жетілдіру жалғастырылады… Ғылыми ұйымдардың қызметін дамытуда корпоративтік басқару, икемді қаржыландыру тәсілдерін енгізу және дербес басқару жүйесі енгізіледі»[8]. Яғни, университеттердің басқару моделін жетілдіру мемлекеттің стратегиялық

[8] *Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 202-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы*

мақсаттары ретінде танылып отыр. Сондықтан да, Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, алдағы бес жылда ұлттық және мемлекеттік университеттердің алдында қандай индикаторлар қойылған және соған жету үшін қандай шаралар жүргізу қажет ететінін ойланған дұрыс. Мемлекеттік бағдарламада отандық университеттердің алдында келесідей міндеттер тұр: ғылымды дамыту және халықаралық білім кеңістігіне шығу, халықаралық рейтингтерге қатысатын жетекші университеттер тобын анықтау, халықаралық және орталық азияның регионалдық білім Хабы болу, ұлттық университеттерде байқау кеңестерінің жұмысын модернизациялау, ректорларды сайлаудың ашық және әділ жүйесін енгізу, ағылшын тілін білетін заманауи ғылыми кадрлар дайындау, шетелдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарымен әріптестік орнату, инновация және бизнеспен әріптестікті дамыту және т.б. Жалпы алғанда, аталған стратегиялық міндеттер жоғары білім саласында белсенді іс-шаралар жүргізуді талап етіп отыр.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Қазақстанда мемлекеттік университеттердің басқару моделін әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің озық тәжірибесіне сүйеніп жетілдіру көзделіп отыр. Осы орайда, АҚШ-тың мемлекеттік университеттерінің басқару моделін қарастыруда Калифорния Университетін мысал ретінде алайық. Бұл университет Калифорния штатына тиесілі және басқару моделі мен өзіне тиісті активтеріне қатысты мәселелер Калифорния штатының Конституциясымен бекітілген. Калифорния университеті 1869 жылы құрылған, бүгінгі таңда оның құрамына 10 мемлекеттік университет кіреді. Білім алушыларының саны 280 мың, ал оқытушы-профессорлық құрамы 227 мың адамнан тұрады. Калифорния Университетінің құқықтық мәртебесі Калифорния штатының Конституциясымен бекітілген және 9-бапқа сәйкес негізгі басқару органы ретіне 26 мүшеден құралған Board of Regents анықталған. Регенттердің 18 штат губернаторымен 12 жылға тағайындалады[9]. Регенттер Кеңесінің қалған мүшелері штаттың атқарушы және өкілді органдарында қызмет ететін лауазым иелері. Сондай-ық, студенттер қауымдастығы тарапынан бір мүше бір жылдық мерзімге тағайындалады. Университет профессорлық құрамының атына дауыс беру құқығы жоқ екі кеңесші Кеңеспен тағайындалады. Регенттер Кеңесі университет президентін және басқа да жоғары лауазымды тұлғаларын тағайындайды, университеттің даму стратегиясын, қаржылы саясатын және оқу ақысы сияқты маңызды мәселелерді мақұлдап отырады. Келесі бір маңызды алқалы орган ретінде Сенат (Academic Senate) саналады. Ол университеттің құрамына кіретін он кампустың өкілдерінен құралады және білім бағдарламасы, ғылыми зертеу мәселесі, диплом беру, марапаттау сияқты мәселелермен айналысады. Жалпы, алғанда, Калифорния Университетінің тәжірибесі әлемдік деңгейдегі алып ұйымды бір орталықтан тиімді басқару мүмкін екенін дәлелдеп отыр.

Өкінішке орай, Қазақстанда университеттің басқару моделінің тиімді жұмыс істеуі ұлттық жүйеге тәуелді екені ескерілмей отыр. Себебі, университеттің басқару моделин қалыптастыруда сол өңірдің экономикалық потенциалын, инфрақұрылымын, өнеркәсіп пен бизнес компанияларының приоритеттері мен болашақтағы жоспарларын ескеру міндетті. Калифорния Университеттінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жергілікті билік пен университеттердің өзара мүдделі және тәуелділікте қызмет ету механизмін жасау керек. Жергілікті өкілді органдар сол жерде орналасқан мемлекеттік университеттің бірінші қамқоршысы болу керек. Мысалы, жергілікті жерде бизнес ашуға өтініш білдірген, жер телімін сұраған компаниялар мен жеке тұлғаларға рұқсат беру өкілеттігі мәслихаттарға берілу керек және ол процедура жария түрде ашық қаралу керек. Егер олар университеттің эндаумент қорына қаржы бөлсе белгілі бір жеңілдіктер беріп, салықтардан босату керек. Бұл жағдай жергілікті бизнестің дамуына және университеттерде эндаумент қорларын құруға мүмкіндік береді. Ал екінші жағынан жергілікті атқарушы органдарда жұмыс істейтін лауазым иелерінің сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін биліктік өкілеттіктері шектеледі. Бұл да дамыған елдерде кездесетін бизнесті ынталандыру және парақорлықтың алдын алу жолдары.

Фриманның стейкхолдерлер теориясына сәйкес, университеттер өз қызметін тиімді жүзеге асыру үшін барлық мүдделі тараптардың мақсаттары мен міндеттерін ескеру керек [9]. Мемлекеттік университеттердің бизнес компанияларға қарағанда стейкхолдерлерінің саны көп және мәртебелері де ерекше (студенттер, түлектер, ата-аналар, оқытушы-профессорлық құрам, университет жетекшілігі). Университетке сырттан қаржы тарту үшін өнеркәсіп компаниялары мен бизнес секторы, және жеке филантроптардың да рөлі маңызды. Сондай-ақ, білімнің сапасын тексеру және бақылаушы ұлттық және халықаралық аккредитациялық компаниялардың да университет өмірінде рөлі маңызды. Осы себепті де, Фриманның теориясына сәйкес, университеттер өз қызметін тиімді жүргізу үшін барлық ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің мүдделерін мейлінше ескеру керек.

Университеттер мен мүдделі тараптар-

[9] *The official website of the University of California / https://www.universityofcalifornia.edu/uc-system*

дың арасында әріптестік орнатудағы келесі бір күрделі мәселелердің бірі болып мемлекеттік университеттерге сырттан қаржы тарту және бизнес компанияларымен әріптестік орнату табылады. Қазақстанда жоғары білімді қаржыландыру механизмінде заңнамалық олқылықтар мен кемшіліктер байқалады. Мысалы, өңірлерде жер қойнауын зертеу және өндіру жұмыстарын істейтін шетелдік және ұлттық компаниялар контракттың сомасынан белгілі бір көлемде университеттерге қаржы бөлуі тиіс. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодексінің 36, 129, 178 және 212 баптарына сәйкес, қазақстандық кадрларды дайындауға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге инвесторлар міндеті түрде қаржы бөлуі қажет[10]. Осы Кодекстің 36-бабының 2-тармағында «Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта жер пайдаланушы өндіріс жүргізу кезеңінде қазақстандық кадрларды оқытуды, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және ғылыми-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстарды қаржыландыруға міндеттеледі» деп көзделген. 129-бапқа сәйкес, екінші жылдан бастап жер өндіру кезеңі ішінде, жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды, сондай-ақ, бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті. 178-бапқа сәйкес уран өндірісімен айналысатын компаниялар да 2% көлемде кадр дайындау мен ғылыми-зерттеу жұмыстарды қаржыландыру міндеттілігі көзделеген. Егер Қазақстанда жер қойнауын пайдаланушы ұлттық және шетелдік инвесторлар өте көп екенін ескеретін болсақ, аталған заңның нормаларының жұмыс істемей тұрғанын немесе сыбайлас жемқорлық бар екенін түсінеміз. Сондай-ақ, Заңда инвесторлар тарапынан бөлінетін қаржының қай университетке қандай мамандық бойынша жұмсалу механизмі нақты көрсетілмеген. Бұл мәселелер министрліктер мен университет басшылығының өкілеттігіне берілген және бұл университеттің басқа мүдделі тұлғаларына, яғни мұғалімдер мен студенттер, ата-аналар және басқа мүдделі тараптарға жарияланбайды. Яғни, Фриманның теориясында көзделген стейкхолдерлердің мүдделері тікелей бұзылып, университеттің тиімді қызмет етуіне кедергі болып отыр. Осындай қолданыстағы заңнамадағы кемшіліктер билікте отырған лауазым илеріне сыбайлас-жемқорлық қылмыстарын жасауға жағдай жасап отыр.

Қазақстан бұрынғы Кеңес үкіметінің құрамындағы ел болғандықтан, жоғары білімді басқару саласында әлі де орталықтан басқару немесе биліктің жоғарыдан төмен жүргізілетіні сақталып келеді. Оны университет басшылығындағы лауазымды тұлғаларды ректор, проректорлар, басқару кеңесінің құрамындағы мүшелердің жоғарыдан тағайындалуынан байқауға болады. Мамандардың пікірінше, болашақ ректорлар сайлау арқылы қызметке келу керек және университет ұжымының алдында тәуелділікте болмау үшін сырттан қатысу және оның кәсіби біліктілігі жан-жақты дәлелдену керек [10]. Іс жүзінде, Қазақстанда ұлттық және мемлекеттік университеттердің ректорлары сырттан тағайындалады, ал университет ұжымы ертең кімнің қол астында жұмыс істейтінін мүлдем білмейді. Басқару жүйесіндегі ең басты кемшілік осында, себебі қазақстандық жүйеде ректорлар белгілі бір тұлғалардың шешімімен немесе комиссияның ұсынысымен тағайындалады. Оны әділ сайлау немесе тағайындау деп айту өте қиын. Назарбаев Университетінің ғалымдарының зерттеу жұмысы көрсетті, қазақстандық университеттерде ректорлар 10-20 жылдап бір университетте немесе ауысып басқа университеттерде сол қызметін жалғастырады [8]. Осының салдарынан, бір ректорлық қызметке келген адамды тек екі жол күтіп тұр не түрлі университеттерде зейнетке шыққанша ректорлық қызметте жұмыс істейді немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстары үшін айыпталып жатады. Бұл әрине өкінішті жағдай, алайда бұл ақиқат және қазақстандық жоғары білімді басқару моделіндегі басты кемшіліктердің бірі.

Қорытынды

Ұлттық және мемлекеттік университеттердің алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін оларды мемлекеттік кәсіпорын нысанынан коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға трансформациялау азаматтық құқық теориясы тұрғысынан дұрыс емес және болашақта зиянды екені көрсетілді. Ал жеке меншіктегі университеттерді коммерциялық емес ұйымдарға трансформациялау олардың қызметіне тиімді екенін АҚШ-тың ғылыми-зерттеу университеттерінің тәжірибесі дәлелдеді.

Университеттің басқару жүйесін дамытуда қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар айтылды. Мысалы, ректорлар ашық дауыс беру арқылы немесе университеттің басқару кеңесімен 5 жылға екі мәртеден артық емес мерзімге сайлануы керек. Болашақ ректор сайлаудан бұрын өзінің стратегиялық жоспарын ашық түрде университеттің веб сайтына жариялап таныстыру керек. Ректорлыққа сайлауға түсетін кандидаттың сайлау алды

[10] *Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года № 125-VI «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.12.2019 г.) / https://online.zakon.kz/document/?doc*

стратегиялық жоспарын тек университет ұжымы емес, ал барлық қоғам тарапынан талқылауға түсу керек деген ұсыныстар жасалды.

Қолданыстағы заңнамадағы кемшіліктердің салдарынан өнеркәсіп компаниялары мен университеттер арасында стейкхолдерлік қатынастар дамымай отырғаны қарастырылды. Мұндай жағдайлар университет басшылығы мен уәкілетті органдардың қызметшілерінің сыбайлас-жемқорлық әрекеттерге баруына негіз болып, латентті қылмыстар ретінде тасада қалып отырғаны айтылды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*1. Cowley, W. H., & Williams, D. International and historical roots of American higher education. New York: Garland Publishing, Inc., 1991.*

*2. Levy, D. For-Profit versus Nonprofit Private Higher Education, International Higher Education. 2015, 12-13.*

*3. Huisman, J., Smolentseva, A., Froumin, I. (Eds.). 25 Years of Transformations of Higher Education Systems in Post-Soviet Countries. Reform and Continuity. Palgrave Macmillan. 2018, 482 p.*

*4. Robertson S., Novelli M., Dale R., Tikly L., Dachi H. and Alphonce N. Globalisation, Education and Development: Ideas, Actors and Dynamics. London: DfID, 2007.*

*5. Mundy, John. Liberty and Political Power in Toulouse 1050–1230. Columbia University Press, New York, 1954.*

*6. Карагусов Ф.С. О понятиях корпоративного управления и корпоративной структуры в праве Республики Казахстан. Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, 2020, №1 (59), 80-93.*

*7. Сулейменов М.К., Карагусов Ф.С., Кот А.А., Дуйсенова А.Е., Скрябин С.В. О понятии и правовом статусе юридических лиц публичного права в законодательстве некоторых развитых иностранных государствах и бывших советских республиках // https://www.zakon.kz., 2018.*

*8. Корпоративное управление: вузы Казахстана. Научная монография / А.К. Сагинтаева, Д.М. Хартли, П.Д. Экель, Ф.Н. Жакыпова, М.К. Орунханов, Д.С. Гюнгёр, Д.Н. Билялов, Р.С. Апергенова, Д.А. Абен – Астана: Nazarbayev University Graduate School of Education, 2018. – 216 с. С. 41.*

*9. Freeman, R. E. The stakeholder approach revisited. Zeitschrift fur Wirtschafts-und Untemehmensethik. 2004, 5(3), 228-241*

*10. Shaw A. Marta. Public accountability versus academic independence: tensions of public higher education governance in Poland, Studies in Higher Education. 2019, 44:12, 2235-2248, DOI: 10.1080/03075079.2018.1483910*

## REFERENCES

*1. Cowley, W. H., & Williams, D. International and historical roots of American higher education. New York: Garland Publishing, Inc., 1991.*

*2. Levy, D. For-Profit versus Nonprofit Private Higher Education, International Higher Education. 2015, 12-13.*

*3. Huisman, J., Smolentseva, A., Froumin, I. (Eds.). 25 Years of Transformations of Higher Education Systems in Post-Soviet Countries. Reform and Continuity. Palgrave Macmillan. 2018, 482 p.*

*4. Robertson S., Novelli M., Dale R., Tikly L., Dachi H. and Alphonce N. Globalisation, Education and Development: Ideas, Actors and Dynamics. London: DfID, 2007.*

*5. Mundy, John. Liberty and Political Power in Toulouse 1050–1230. Columbia University Press, New York, 1954.*

*6. Karagusov, F.S. 2020. O ponyatiyakh korporativnogo upravleniya i korporativnoy struktury v prave Respubliki Kazakhstan. Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoy informatsii RK, 2020, №1 (59), 80-93.*

*7. Suleymenov M.K., Karagusov F.S., Kot A.A., Duysenova A.Ye., Skryabin S.V. O ponyatii i pravovom statuse yuridicheskikh lits publichnogo prava v zakonodatel'stve nekotorykh razvitykh inostrannykh gosudarstvakh i byvshikh sovetskikh respublikakh // https://www.zakon.kz, 2018.*

*8. Sagintayeva, A K., Khartli, D.M., Ekel', P.D., Zhakypova, F.N., Orunkhanov, M.K., Gyungor, D.S., Bilyalov, D.N., Apergenova, R.S., and Aben, D.A. Korporativnoye upravleniye: vuzy Kazakhstana. Nauchnaya monografiya / - Astana: Vysshaya shkola obrazovaniya Nazarbayev Universiteta, 2018. – 216 s. s. 41.*

*9. Freeman, R. E. The stakeholder approach revisited. Zeitschrift fur Wirtschafts-und Untemehmensethik, 2004, 5(3), 228-241*

*10. Shaw A. Marta. Public accountability versus academic independence: tensions of public higher education governance in Poland, Studies in Higher Education, 2019, 44:12, 2235-2248, DOI: 10.1080/03075079.2018.1483910*